

ӘОЖ 57.017

А.Н. Калиева\*, Г.У. Дюскалиева

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
\*E-mail: anar\_kaliev65@mail.ru

### ***Agrimonia* L. дәрілік өсімдігінің зерттеу бағыттары**

Мақалада халықтық медицинада ежелден қолданылып келе жатқан *Agrimonia* L. дәрілік өсімдігінің қысқаша ботаникалық сипаттамасы және жүргізілген ғылыми зерттеулерге шолу жасалды. Өсімдіктің химиялық құрамы және түрлі ауруларға қолданылуы көрсетілді.

**Түйін сөздер:** *A.eupatoria* L., *A.pilosa* Ldb., *A.asiatica* Juz, эфир майлары, алкалоидтар, флавоноидтар.

A.N. Kaliyeva, G.U. Dyuskaliev

#### **Research directions medicinal plants *Agrimonia* L.**

The article gives a brief overview of the botanical descriptions and research of medicinal plants *Agrimonia* L. is used in folk medicine since ancient times. Shows the chemical structure and usage in various plant diseases.

**Key words:** *A.eupatoria* L., *A.pilosa* Ldb., *A.asiatica* Juz, essential oils, alkaloids, flavonoids.

А.Н. Калиева, Г.У. Дюскалиева

#### **Направления исследований лекарственного растения *Agrimonia* L.**

В статье дается краткое ботаническое описание и обзор научных исследований лекарственного растения *Agrimonia* L., которое используется в народной медицине с древних времен. Приведен химический состав и использование растений при различных заболеваниях.

**Ключевые слова:** *A.eupatoria* L., *A.pilosa* Ldb., *A.asiatica* Juz, эфирные масла, алкалоиды, флавоноиды.

Адамдардың денсаулығына зиян әкелетін, аллергия тудыратын химиялық жасанды дәрі-дәрмектердің орнына табиғи өсімдіктерден жасалатын дәрілерді пайдаланудың мүмкіндігі зор. Біздің елімізде табиғи емдік қасиеттері мол өсімдіктерден жасалатын дәрі-дәрмектер экологиялық жағынан таза, ал экономикалық тұрғыдан арзан болып келеді.

Дәрілік шикізат алуда *Agrimonia* L. дәрілік өсімдігінің маңызды зор, құрамындағы биологиялық белсенді заттардың болуы қызығушылық тудыруда [1]. Ошаған (*Agrimonia* L.) раушан гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдіктер, жалпы 7 түрі, Қазақстанда 2 түрі кездеседі: *A.asiatica* Juz. азия ошағаны), *A.pilosa* Ldb. (түкті ошаған). Қазақстанда тау баурайларында, жазғытұрым су жайылған жерлерде, жол

жиегінде, бақтарда, қарағайлы және жаңғақты ормандардың арасында өседі. Олардың биіктігі 25 – 140 см, тамыры жуан, сабағы тік өседі, оның сыртын безді түк жапқан. Қауырсын тәрізді тақ жапырақтарының жиегі тілімделіп келген, олар сабаққа қарама-қарсы орналасады. Тостағанша, күлте жапырақшаларының саны – бесеуден. Сары түсті, бес тілімді гүлдері ұзын шашақ гүлшоғырына топталған. Маусым – шілде айларында гүлдеп, жеміс салады. Жемісі – сыртын ширатылған қыл жапқан жаңғақша. Жемісі піскенде адамның киіміне және жануарлардың жүніне жабысады [2].

*Agrimonia* L. өсімдігінің жапырағын гүлдену кезінде дайындайды, тамырын күзде қазып алып әдеттегідей кептіріп қояды. Дүние жүзінде бұл туыстың фармакология тұрғысынан неғұрлым

толық зерттелген түрі *Agrimonia eupatoria* L. Медициналық мақсат үшін жер үсті бөлігі, ерте гүлдеген кезде пайдаланылады. Өсімдікте илік заттар, эфир майлары, гликозидтер, минералды тұздар, алкалоидтар, флавоноидтар, дәрумендер бар. Фармакопеяға енгізілген *A. eupatoria* L. Еуропа мен Солтүстік Америкада ғылыми медицинада көптеген жылдар бойы пайдаланылуда [3,4,5].

*Agrimonia* L. қазіргі уақытта шетелде кеңінен пайдаланылады. Германияда өт, асқазан-ішек жолдарына шәй түрінде, ауыз қуысының ауруларына тұнба түрінде, терідегі жараларға шөп қайнатпасы, компресс түрінде пайдаланылады. Австрияда ангинада, өт, бауыр ауруларында, қан кетуде және жараларды емдеуде қолданылады.

Ле-Клерк фитотерапия кітабында күніне кем дегенде шөп тұнбасымен 5 рет тамақты шаюды ұсынған (100 г кептірілген ошаған жапырағын 1 л суда оның көлемі 1/3 дейін азайғанша қайнатып, содан кейін сүзіп, бал қосып пайдаланады).

Болгарияда *Agrimonia* L. өсімдігінен дайындалған препараттарды гепатит, сарғаю, өт тастарын кетіруге, қабынуға қарсы және ревматизмге, никтурияға, ас қорытудың бұзылуында пайдалануға ұсынылады.

Қытай медицинасында *Agrimonia* L. өсімдігі бауыр, өт қабының ауруларын емдеу үшін қабылдауға, сондай-ақ стоматит және тоник ретінде қолданылады.

Украинада *Agrimonia* L. сарғаю, өт қабы аурулары, өт тастары, бүйрек тастары, ісіну, ішкі қан кету, іш өту, подагра, нефрит, жұлын, ішек, бауыр циррозын емдеуде қолданылады. Биология ғылымдарының докторы Г. Нандельштедт «Дәстүрлі медицина және қатерлі ісік» мақаласында гректер, римдіктер, славяндықтар *Agrimonia* L. өсімдігінің ерте кезден ойық жара, ішкі қан кету және бауыр ауруларына қарсы пайдаланғанын және тамаша қасиеттерін атап көрсетті. Абхазияда қатерлі ісікке қарсы, Карачаево-Черкессия облысында бауыр, бүйрек, жүрек және асқазан ауруларына бал қосып тұнба ретінде қолданылады. Сібірде тамыр тұнбасын ревматоидты артритте, онкологиялық және зарарсыз ісіктерде қабылдайды.

1999 жылы «Парафармация» ЖШС-де *A. eupatoria* шөбі өндірілді. Дәрілік шикізат Пятигорск мемлекеттік академиясы («Дәрілік өсімдіктер мен Кавказ, Таулы Алтай, Қырымның оңтүстік жағалауы, Памир коллекциялары» 2000) талдамалық зертханасында зертханалық

сынақтан өтті. Заманауи әдістер қолдана отырып жүргізілген фармакологиялық зерттеулер *A. eupatoria* L. ас қорытуды жақсартуда, бауыр (гепатит, холецистит, цирроз) функциясын реттеуде, өт айдау, несеп айдаушы, қабынуға қарсы пайдалануға болатындығын көрсетті [6].

Ішкі қан кетулерді тоқтатуда [7], іш қатуда, құрттардан емдеуге қарсы, подагра, ревматизмге қолданылады. АҚШ зерттеушілері *A. eupatoria* L. сығындысының ісікке қарсы әсерін тапты [8]. Шырышты қабық қабынуында шайқау, компресс жасау және ойық, жараларды жууда пайдаланылады. *A. eupatoria* L. өсімдігінен дайындалған шәй әншілер мен ораторлардың жұтқыншақ, көмей қабынуында пайдалануға ұсынылды. *Agrimonia* L. теріні бояу үшін пайдаланылады, шөптер тұнбасы жүнді сары түске бояйды. *A. eupatoria* L. өсімдігінің бал өнімділігі 96 кг/га болып табылады [9,10,11]. *A. eupatoria* L. Ресей мен Кавказдың еуропалық бөлігінде кездеседі. Мәскеу облысының аумағында құрғақ ормандар, бұталар, шабындықтар мен жайылымдарда өседі [12,13].

*A. pilosa* Ldb. химиялық құрамы күрделі. Жапырақтары мен сабақтарынан илік заттар, фитостеролдар, токоферол, филохинон, эфир майы, кумарин, флавоноидтар, стероидты сапониндер, ащы гликозид, минералды тұздар, ащы шырышты заттар, В, К топтағы дәрумендер, никотин қышқылы, алкалоидтар табылды.

*A. pilosa* Ldb. өсімдігі іш, тамақ, бас аурулары, дизентерия, күн өтуде [14] жөтелге, суық тигенде, туберкулез және диареяны, тамыр шырыны ойық жара ауруын емдеу қолданылады [15]. Кореяда *A. pilosa* Ldb. паразиттік құрттардан емдеуде қолданылады [16]. *A. pilosa* Ldb. жапырақтарында К витамині мол және қан ұюын және қан кетуді тоқтату үшін пайдаланылады [17]. Өсімдік құрамындағы агримонин қандағы қант деңгейін төмендетеді [18].

*A. asiatica* Juz. Қазақстанның көптеген аймақтарда өседі және индустриялық даму үшін жеткілікті қоры бар демек, бұл химиялық зерттеулер және медицинада практикалық пайдалану үшін қажетті шикізат болып табылады. Бұл өсімдік халықтық және дәстүрлі медицинада түрлі ауруларды емдеуде қолданылады. *A. asiatica* Juz. химиялық құрамында тритерпеноидтар, карбон қышқылдары, илік заттар, катехиндер, флавоноидтар, жоғарғы майлы қышқылдар бар екені анықталған. Орта Азияда асқазан ауруларына, бауыр, соз, ревматизм, геморройға ем ретінде қолданады. Қайнатпасы, тұндырмасы қызыл

иектің, көмейдің қабынуына, қанжел ауруын емдеуге, ауыз уылуын, бактерияға қарсы және қанның ағуын тоқтату үшін пайдаланады. Жер беті бөліктерімен тері илеп, маталарды көк, сары түске бояйды. Бал беретін өсімдік. Бұл өсімдікті әрі қарай зерттеп, мәдени түрде өсіруге, медицинада кеңінен пайдалануға болады [19]. Өсімдік қайнатпасы мен тұнбасы пародонтит және гингивит, ларингит және стоматитте тиімді [20].

Қазақстан флорасының биологиялық әртүрлілігін толықтыруда, қалпына келтіруде, қорғауда және тиімді пайдалануда дәрілік өсімдік-

тердің биологиялық ерекшеліктері тереңірек зерттеулерді қажет етеді. Сондықтан қазіргі кездегі өзекті мәселе халық медицинасында пайдаланып жүрген дәрілік өсімдіктерден жаңа дәрілік препараттар, биологиялық белсенді қоспалар алу. Осы мақсатта өсімдіктердің экологиялық-географиялық таралуын, тиімді пайдаланылуын, сонымен қатар салыстырмалы-морфологиялық, заманауи биохимиялық, молекулалық-генетикалық әдістерді пайдалану, дәрілік шикізаттың диагностикасы және нақтырақ сипаттамасы үшін қажет.

### Әдебиеттер

- 1 Skalicky V. Agrimonia L. // Flora Europaia. Vol. 2. Cambridge: – Cambridge Univ. press, 1968. – P. 32–33.
- 2 Флора Казахстана. – Изд. Академии наук Казахской ССР. – Алма-Ата. 1961. – том IV. – С. 480–482.
- 3 Duke J. A. Handbook of medicinal herbs. CRC. Press, Inc. Boca Raton, Florida, 1986. – 677 p.
- 4 Lewis W. H. Medical botany. Plants affecting man's health. – New York, Wiley-Interscience, 1977. – 515 p.
- 5 Morton J. Major medicinal plants: botany, culture and uses. Charles c Thomas Publisher, Springfield, Illinois, 1977. – 431 p.
- 6 Дрозд Г.А., Явлинская С.Ф., Иноземцева Т.И. Фитохимические исследования Agrimonia eupatoria. // Химия природных соединений. 1983. – № 1. – С. 106.
- 7 Киселев В.П., Спасивцева О.А. Некоторые итоги выращивания репешка обыкновенного в Московской области. // Растительные ресурсы. – 1966. Т. 6, Вып. 3. – С. 439 – 442.
- 8 Mc.Kenna G.F., Taylor A., Gipson B.S. Futher studies of plant extracts in cancer chemotherapy // Texas Rep. Biol, and Med. – 1959-Vol. 17-№ 1 p. 123-133.
- 9 Завражнов В.И., Китаев Р.И., Хмелев К.Ф. Лекарственные растения (лечебное и профилактическое использование). – Воронеж: Изд-во Воронеж, унта, 1994. – 479 с.
- 10 Курганская С.А. Полезные травы и редкие цветы на садовом участке. –М.: Наука, 1995–128 с.
- 11 Лавренова Г.В., Лавренов В.К. Травник. Лекарственные растения в домашней аптеке. Рецепты из сокровищ народной медицины. – С.-Петербург: тип. 1993.– № 6. – 287 с.
- 12 Ворошилов В.Н., Скворцов А.К., Тихомиров В.Н. Определитель растений Московской области.–М.: Наука, 1966. – 367 с.
- 13 Губанов И.А., Киселева К.В., Новиков В.С., Тихомиров В.Н. Определитель сосудистых растений. –М.: Изд-во Моск. ун-та, 1992. – 400 с.
- 14 A Barefoot Doctors Manual. Running Press 0 ISBN 0-914294-92-X
- 15 Manandhar N. P. Plants and People of Nepal Timber Press. – Oregon, 2002. ISBN 0-88192-527-6.
- 16 Medicinal Plants in the Republic of Korea World Health Organisation, Manila, 1998. ISBN 92 9061 120 0.–Bown. D. Encyclopaedia of Herbs and their Uses. Dorling Kindersley, – London. 1995. ISBN 0-7513-020-31.
- 17 Yeung. Him-Che. Handbook of Chinese Herbs and Formulas. Institute of Chinese Medicine, – Los Angeles, 1985.
- 18 Көкенов М.К., Әдекенов С.М., Рақымов Қ.Д., Исамбаев Ә.И., Сауранбаев Б.Н. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері және оның қолданылуы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 137-139б.
- 19 Гадецкая А.В. Фармакологические свойства Репешка азиатского (Agrimonia asiatica Juss) //III международная конференция: Инновационное развитие и востребованность науки в современном Казахстане. Естественно-технические науки. Сб. статей Межд. Науч. Конф. – Алматы, 2009. – С. 234-235.

### References

- 1 Skalicky V. Agrimonia L. // Flora Europaia. Vol. 2. Cambridge: – Cambridge Univ. press, 1968. – P. 32–33.
- 2 Flora of Kazakhstan. – Ed. Academy of Sciences of the Kazakh SSR. – Alma Ata. 1961. – That IV. – P. 480–482.
- 3 Duke J. A. Handbook of medicinal herbs. CRC. Press, Inc. Boca Raton,–Florida, 1986. – 677 p.
- 4 Lewis W. H. Medical botany. Plants affecting man's health. – New York, Wiley-Interscience, 1977. – 515 p.
- 5 Morton J. Major medicinal plants: botany, culture and uses. With Charles Thomas Publisher, Springfield, Illinois, 1977. – 431 p.
- 6 Drozd GA Yavlinsky SF, Inozemtseva TI Phytochemical studies Agrimonia eupatoria. // Chemistry of Natural Compounds. 1983. – № 1. – P. 106.
- 7 Kiselev VP, Spesivtseva OA Some results Repeshko ordinary cultivation in the Moscow region. // Plant Resources. – 1966. – T. 6, – Vol. 3. – P. 439 – 442.

- 8 Mc.Kenna G.F., Taylor A., Gipson B.S. Further studies of plant extracts in cancer chemotherapy // Texas Rep. Biol. and Med. – 1959-Vol. 17– № 1. P. 123-133.
- 9 Zavrashnov VI, China RI, Khmelev KF Medicinal Plants (therapeutic and prophylactic use). Voronezh: Publishing house of Voronezh, Unt, 1994. – 479 p.
- 10 Kurgan SA Useful herbs and rare flowers in the garden–M .: Nauka, 1995 – 128 p.
- 11 Lavrenova GV Lavrenov VK Travnik. Medicinal plants in the home pharmacy. Recipes of the treasures of traditional medicine. St. Petersburg: type. Number 6, 1993. – 287 p.
- 12 Voroshilov VN Skvortsov AK, Tikhomirov VN The plants of the Moscow region.–M .: Nauka, 1966 – 367 p.
- 13 Gubanov IA, Kiseleva KV, Novikov BC, Tikhomirov VN Of the vascular plants. M .: Univ. University Press, 1992. – 400 p.
- 14 A Barefoot Doctors Manual. 0 Running Press ISBN 0-914294-92-X
- 15 Manandhar NP Plants and People of Nepal Timber Press. Oregon, 2002. ISBN 0-88192-527-6.
- 16 Medicinal Plants in the Republic of Korea World Health Organisation,–Manila, 1998. ISBN 92 9061 120 0.
- 17 Bown. D. Encyclopaedia of Herbs and their Uses. Dorling Kindersley,–London. 1995. ISBN 0-7513-020-31.
- 18 Yeung. Him-Che. Handbook of Chinese Herbs and Formulas. Institute of Chinese Medicine,–Los Angeles, 1985.
- 19 Kukenov MK, Adekenov SM, Rakhimov KD, Isambaev AI, Sauranbaev BN. Medicinal plants of Kazakhstan and their use. –Almaty: Gylym, 1996. – P. 217-218.
- 20 Gadetskaya AV. Pharmacological properties Repeshko Asian (*Agrimonia asiatica* Juss) // III International Conference: Innovative development and relevance of science in modern Kazakhstan. Natural and technical sciences. Coll. Articles Int. Sci. Konf.– Almaty, 2009. – P. 234-235.